

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 маусымдағы N 731 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 4 желтоқсандағы N 1278 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1339 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.28. N 1339 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы" нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 маусымдағы N 731 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 27, 249-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақыларды жұмыс берушілердің қаражаты есебінен тағайындаудың және төлеудің тәртібі туралы нұсқаулықта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әлеуметтік жәрдемақылар қызметкерге оның жұмыс істейтін орны бойынша тағайындалады және төленеді";

7-тармақтың бірінші абзацындағы "орташа айлық жалақысы" деген сөздер "заңнамаға сәйкес есептелген орташа жалақысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметкер жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысында болған кезінде жұмысқа уақытша жарамсыздығы жағдайында жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы еңбек демалысына дәл келген күндер үшін есептелмейді. Егер қызметкердің жұмысқа уақытша жарамсыздығы демалыс аяқталғаннан кейін де жалғасса, онда жәрдемақы қызметкер жұмысқа кірісуге тиісті күннен бастап есептеледі.";

9-тармақ "соғысы" деген сөз "соғысының қатысушыларына," деген сөздермен ауыстырылсын;

20-тармақтағы "толық жалақысы мөлшерінде, бірақ айлық есептік көрсеткіштің он еселенген мөлшерінен артық емес мөлшерде" деген сөздер "заңнамаға сәйкес есептелген орташа жалақысы мөлшерінде" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

21-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ядролық сынақтардың әсеріне ұшыраған аумақтарда тұратын әйелдерге жүктілігі және босануы бойынша әлеуметтік жәрдемақылар қалыпты босанғанда 170 күнтізбелік күн үшін, ал босануы ауыр болғанда немесе екі және одан да көп бала туғанда 184 күнтізбелік күн үшін төленеді";

22-тармақтағы "үш жасқа" деген сөздер "бір жарым жасқа" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2 6 - т а р м а қ т а :

"орташа айлық жалақысы" деген сөздер "заңнамаға сәйкес есептелген орташа жалақысы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Маусымдық жұмыс істейтін қызметкерлерге, үй шаруасымен айналысатындар мен үйге жұмыс алып істейтін қызметкерлерге жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша әлеуметтік жәрдемақы, егер жеке еңбек шартында өзгеше айтылмаса, осы нұсқаулыққа сәйкес тағайындалады және төленеді".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі